

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Басқарма Президенті А.Қ.Күрішбаевтің жаңадан сайланған академиктерді ғылыми қоғамдастыққа ресми таныстыру салтанатты іс-шарасында сөйлейтін сөзі  
Алматы қ., 27.08.2024ж.

### **Құрметті салтанатты жиналысқа қатысушылар!**

Бүгін біз Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының жаңадан сайланған академиктерін ғылыми қауымдастыққа ресми таныстыру мақсатымен бас қосып отырмыз.

Салтанатты іс-шараға еліміздің жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылыми ұйымдардың басшылары, танымал жетекші ғалымдар, Ұлттық ғылым академиясының Жас ғалымдар кеңесінің мүшелері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылды. Сондай-ақ, біздің жиынымызға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушы Дархан Жұмақанұлы Ахмед-Заки, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Бескемпирович Қалдыбеков қатысып отыр.

Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қазақстанның ғылым саласында жүйелі реформа жүргізілуде. Тиісінше, оны басқарудың жаңа, жетілдірілген механизміне қажеттілік туындап отыр, онда тек шенеуніктер ғана емес, ғалымдар да ғылыми-техникалық саясатты айқындау мен іске асыруда басым дауысқа ие болу керек. Жаңа жүйенің негізгі элементі – мемлекеттік мәртебе берілген, Қазақстан

Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясын құру болды. Жақында қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңға сәйкес ол елдегі жалғыз жоғары ғылыми ұйым атанды. Сонымен бірге, академияның заңнамалық базасы одан әрі жетілдіруді талап етеді, сондықтан біз Парламентке онда қарастырылып отырған Ғылым туралы заң жобасына өз ұсыныстарымызды бердік.

Екінші жағынан, ұйымның жоғары мәртебесі үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазіргі әлемде өркендеу мен лайықты бәсекелесу үшін, ғылым прагматикалық және нәтижелі болуы керек. Бұл туралы айта отырып, Мемлекет басшысы ғылым экономиканы жаңғыртудың алдыңғы қатарында тұруы, елге қызмет етуі және қоғамның күнделікті өміріне пайда әкелуі тиіс екендігін атап көрсетті. Сол себептен, біздің миссиямыз – еліміздің жетекші ғалымдарын біріктіретін автономды, тәуелсіз және дәстүрлі бюрократиялық вертикальдан тыс, мемлекеттік саясат пен экономиканың неғұрлым өзекті мәселелерін шешуге үлес қоса алатын қазақстандық ғылымның дамуын қамтамасыз ететін ғылыми ұйым құру болып табылады.

Мемлекеттік академияның ерекшелігі – ол академик атағы «мансап тәжін» білдіретін немесе зейнетке шығудың жайлы орны ретінде қарастырылып келген ерекше мәртебелі ұйым болмайды.

Біз оның құрамына қоғам қайраткерлерін, саясаткерлерді, мемлекет қызметкерлерді немесе табысты кәсіпкерлерді алмаймыз.

Біздің міндетіміз – ғылымның тек белсенді көшбасшыларын, нағыз ғалымдарды, оның ішінде дарынды жастарды біріктіруді және олардың елімізге елеулі пайда әкелуіне мүмкіндіктер жасауды көздейміз.

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңның (1 бап, 33 тармақшасына) сәйкес: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары мен критерийлеріне сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы сайлайтын ғылым саласындағы аса үздік жетістіктері бар ғалым. Осылайша, қолданыстағы заңда көрсетілгендей, академик атану – тек конкурс негізінде сайлау арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі атағын иеленудің басқадай жолы заңда жоқ.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының нақты мүшелерінің сандық құрамы көп болмайтынын атап өткім келеді. Әділ сайлау негізінде еліміздің ең лайықты, ең даңқты ғалымдары ғана академик болуы керек. Біз академиктер қатарын жасанды «өсіруге» тиісті емеспіз.

Тіпті, дамыған озық елдердің өзінде ғылыми потенциалы жоғары болуына қарамастан, ұлттық академиялардың толық мүшелерінің саны шектеулі.

Егер де біз, әлемде академиктер саны бойынша бірінші орынға шықсақ та, бұдан ғылымымыз өркендеп кетпейді.

Енді Сіздерге академияның жаңа мүшелерін сайлау қалай өткені туралы хабарлама беруге рұқсат етіңіздер.

Ең алдымен, қолданыстағы заңның аясында ҚР Үкіметінің шешіміне сәйкес құрылған өтпелі Төралқа үш академикті сайлады.

Бұдан әрі, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен академиктерді сайлау қағидаларына сәйкес, елдің ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындары ұсынған үміткерлер арасынан үш кезеңдік сайлау өткізілді. Алдымен ұсынылған құжаттардың толықтығы және үміткерлердің белгіленген критерийлер мен талаптарға сәйкестігі тексерілді. Әрі қарай, сараптама комиссиясы әрбір жіберілген үміткердің сапалық және сандық көрсеткіштері бойынша қорытынды жасады. Үшінші кезеңде Ғылым академиясының Төралқасы әрбір үміткердің бағдарламасының өзектілігін, жаңашылдық деңгейін, тиімділігін, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуі мен оның ресурстық қамтамасыз етілуін тыңдады.

Сараптама нәтижелері бойынша ең көп балл жинаған, бағдарламаны қорғау нәтижелері бойынша ең жоғары бағалау көрсеткішіне ие болған және академиктердің Жалпы жиналысына қатысушылардың жасырын дауыс беруі арқылы жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс берген үміткерлер ғана академиктер болып сайланды.

Ұлттық ғылым академиясының академиктерін конкурстық сайлаудың келесі кезеңін алдағы айларда өткізу жоспарлануда, оның қорытындысы бойынша ғылымның барлық негізгі бағыттары бойынша академиктер құрамы қалыптастырылатын болады.

Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Сіздер мен біздер Ұлттық ғылым академиясының қоғамдағы бұрынғы даңқы мен беделін қайтаруға арналған ауқымы зор игі істердің бастауында тұрмыз. Әрине, атқарылатын жұмыстар өте көп, бірақ бұл ғылымның бүкіл жүйесін прогрестің нақты «қозғалтқышына» және елдің даму факторына бағыттайтын өте қызықты әрі алғысы мол жұмыстар болмақ.

Жаңа академиктерді Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі ретінде сайлануымен және ресми жұмысқа кірісумен тағы да құттықтауға рұқсат етіңіздер!